



“Ауа- тіршілік тынысы”
(“Балапан” тобы)

Орындаған
Баспаева Мейрамгулі

2026 оқу жылы

Тақырыбы: Ауа – тіршілік тынысы

Мақсаты:

Балаларға ауаның бар екенін түсіндіру, оның тіршілік үшін маңызын айту. Қарапайым тәжірибелер арқылы ауаның бар екенін дәлелдеуге үйрету.

Қажетті құралдар: шар, стакан, су құйылған ыдыс, қағаз, желпуіш.

Әңгіме

Ауа – бізге дем алуға керек. Ауа болмаса адамдар да, жануарлар да, өсімдіктер де өмір сүре алмайды.

Ауаны танытуға арналған қолжетімді тәжірибелер

Қолмен сезу

Өтуі: Балалар қолдарын ауыздарының алдына қойып, дем шығарады.

Нәтиже: Қолға жылы ауа сезіледі.

Қорытынды: Біз ауаны дем арқылы шығарамыз.

Қағаз желпуіш

Құралдар: қағаз желпуіш.

Өтуі: Балалар желпуішпен желпиді.

Нәтиже: Бетке салқын ауа тиеді.

Қорытынды: Ауа қозғалғанда жел пайда болады.

Суға түтікпен үрлеу

Құралдар: су құйылған стакан, түтік.

Өтуі: Балалар түтік арқылы суға үрлейді.

Нәтиже: Суда көпіршіктер пайда болады.

Қорытынды: Ауа суда көпіршік болып шығады.

Стакан мен су

Құралдар: су құйылған ыдыс, стакан,

Өтуі: Балалар су тұрған ыдысқа бос стаканды төңкеріп суға саламыз.

Нәтиже: Стакан суға батып кетпей судың бетінде қалықтап тұрады.

Қорытынды: Стаканның ішінде ауа бар, сондықтан су бірден кірмейді.

Қорытынды:

Ауа көзге көрінбейді, бірақ біз оны сеземіз және түрлі тәжірибелер арқылы бар екенін біле аламыз.